

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 125-128.

ӘОЖ. 82-31 (045)

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ

Даутова Мадина, 1 курс студенті

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Сәкен Сейфуллин поэмаларының тілі жатық, көпшілікке түсінікті болып келеді. Поэмаларында оқиғалар сюжеті де өте қызықты. Оқыған адамды бірден өзіне баурап әкетеді. Бұл ақынның асқан шеберлігі деп танымыз. Бір кездері қазақ әдебиетіне тың жол салған, жаңашыл жазушылардың тағы бір құдіреті байырғы, классикалық әдебиеттегі үздік дәстүрлерден үйрене отырып, оны байыта түсу арқылы бүкіл бұқара халықтың ортақ игілігіне айналдыра білуінде. Бұл тұрғыдан қарағанда Сәкен Сейфуллин ұлы Абайдан алған өнеге жемісін бүгінгі ұрпақ, бүгінгі әлемге, біздерге ұсынып, «соқтықпалы соқпағы көп» ауыр долдардан алқынбай өткен ақын. Жаратылысынан жайсаң азамат, әрі тамаша ақын Сәкен Сейфуллин туған халқының ақыл-ой ірілігін, жаңаға суасулы көңіл жайын, іргелі мақсат жолына тігер күш-қуатын әр қырынан-ақ танытады. Мәселен, орыс жазушысы М.Горький «Менің университеттерім» атты автобиографиялық романында «Адамды оның қоршаған ортаға қарсыласа білу қабілеті қалыптастыратынын мен ерте-ақ ұқтым» - дейді. Бұл сөздерді кең мағынасында алсақ, табиғатынан қайраткер, мардымды әрекетке бейім адамдар белгілі дәрежеде айналасындағы дүние құбылыстарына әсерін тигізеді, өздері де сол сыртқы күштердің ықпалына түседі, сол арқылы дара тұлға иелері ретінде қалыптасып, жетіле беретінін пайымдаған болар едік. Ғылыми мәні жағынан жаңашыл бастама, жалпы алып қарасақ, шексіз көп шығармашылық, теориялық мәселелерді қамтиды. Әдетте біз мазмұн жаңашылдығы, пішін жаңашылдығы деп айтамыз. Алайда оларды бөлек алып, жіктеп қарау қиын. Қайта өрлеу дәуірі, кейінгі романтизм дәуірінің классиктері, реализмнің барша бағыт, ағымдарындағы озық қаламгерлер, әрине, бәрі-бәрі де жаңашыл болады. Олар жаңашыл болмаса, өздері де шынайы талант ретінде танылмас еді, тұтас мектеп жасап, өмірді көркем бейнелеу әдістерін де қалыптастыра алмас еді. Поэзияның табысы да, олқы соғатын жері де жаңаны іздеп табу, немесе таба алмау жайына тәуелді. Жаңашыл поэзия ақынның жаңа өмірдегі барша тың мағына мен сан алуан көріністерді неғұрлым жіті көріп, толық жинақтай білуі нәтижесінде туады [1].

Бастапқы кезеңде мазмұн мен форманың арасындағы кейбір алшақтық ақындарға едәуір қиындық әкеледі. Тек Сәкен Сейфуллиндей әрі батыл, әрі бүкіл болмысымен соныдан сүрлеу салуға құмар кесек дарын иелері ғана жаңа мазмұнға сәйкес пішіндік бітімді дер кезінде тапқырлықпен үйлестіріп отырды.

Сәкен Сейфуллин шыншыл жырлыры арқылы жаңа сарындағы поэзия үнін құлақ түре қабылдап, бірлік, теңдік ұранындай сезінді, содан жігер алып, намысын қайрап, таптық мүдде, адамдық парыз жолында жанына серік етті [2].

Ақын поэзиясының жаңа мәні өз дәуірінің өзекті проблемаларын зор ынта, қуатпен, терең құштарлықпен, тебіріне жырлау сипатынан аңғарылады. Өнердегі жаңалық, әрине, тек көркем бейне, бейнелі ой бедерлерімен ғана көрінуге тиіс. Сондықтан тақырып, объект қаншалықты зәру жайды танытқанымен, шеберлік пен көркемдік арна толымсыз болып жатса, өнер атаулыға, поэзияға орын жоқ.

Сәкен Сейфуллин жаңа мазмұнды еркін меңгеріп, оған сай орамды форма табу нәтижесінде қазақ өлеңі мен қара сөзін әуенді, өзгеше леппен сөйлетті, тың ұғым, терминологияны пайдалана отырып, жекелеген сөздердің мағыналық ауқымын, мүмкіндік мөлшерін барынша арттыра түсті, өмір құбылыстарын дәл суреттейтін бейнелі тіркестер легін кең қолданды. Осы қасиеттері қаламгерді жаңа әдебиеттің нағыз көш бастаушы қайраткері есебінде танытты.

Ақын өзінің қоғам құрушы күрескер азаматтардың бірі ретінде түсініп, көптің тілегін, түпкілікті ниетін білдіре, таусылмас жігерімен, қайрат бере сөйлейді. Айтылар ақыл, көрсетер меже, ұстанар саясат та кедей қауымы, езілген таптың мүддесі үшін. Рухани жағынан езілген таптың ар-намысы аяққа басылып қор болғаны, енді оның басқа халықтармен бірге терезесі тең алға басуы ақын шығармаларының өзекті арнасы.

Сәкен Сейфуллин жаңалығының тағы бір қыры неде? Ол – жаңа идея, жаңа дүниетаныммен қатар, метафора, қуаты мол екіпін, серпінді ырғақ көріністері, өлеңнің өткір айшықтары. Сәкен Сейфуллин жаңа өмірді алға қарай зулаған жүйрік экспресс бейнесінде суреттейді.

Мұндай өлеңді біз, рас, кейіннен басқа ақындардан да кездестіреміз. Бірақ Сәкен Сейфуллин жаңа өмірдің ыстық лебін, оның жүрдек қарқынын ілгеріде-ақ терең сезініп, серпінді, өжет жырларына қосты. Төгілген шумақтар уақыт пен жүйтуіген экспрестің қозғалыс сипатынан қоғамдағы алуан өзгерістерді танып, білуге шақырғандай.

Айғырдың тоқпақ жалындай,
Бөкеннің серке санындай
Қайыңның қырған безіндей,
Шортанның жұмыр беліндей,
Ширатылып түйілген,
Болаттай күшпен иілген,
Бұлшық етті білек пен
Балтырдан күшті дене жоқ, -

Деген «Бұлшық ет» атты өлеңінде де Сәкен Сейфуллин еңбек тақырыбын нақты мысалмен, өзіне тән таным, түсінікпен жырлайды. Жұмысшы, жұмысшының қажырлы қолы, бұл дәуірде қалалар тұрғызып, егін егетін, тау қопарып, кен қазатын жұмысшының бұлшық еті бұрынғы құрсау заманда кімнен қадір көруші еді? Сәкен жұмысшының бұлшық етін бар дүние тетігін ұстайтын теңдесіз күш есебінде қабылдап, оны алабөтен құрметпен, қызыға, таңдана өлеңге қосады [3].

Қазақ тұрмысының келмеске кетіп бара жатқан кешегі күндерін бейнелейтін «Қарлы аязда», «Бізғырық аязда кедей ауылы», атты өлеңдерде де ескі мен жаңаның көріністері сәтті ұштасып жатыр:

Жерді басқан аппақ қар...

Соғады аяз ысқырып

Қызыл шұнақ, жалмаңдап,

Билеп күлед сызғырып,

Аяз аузын ашады.

Құлақтанып *қызыл күн*

Жасыл ұшқын шашады.

Бір есептен Абай дәстүрін [4].

Еске салатын бұл үзіндіде табиғат жанды сипат алып, кейде тіпті әзіл, күлкі реңкінде кейіптелген. «Қызыл шұнақ», «Қызыл күн» деген жеке тіркестердегі тұрақты эпитеттер байырғы өрнекті аңғартқанымен Сәкеннің өз қолтаңбасы анық аңғарылады.

Жанашыл ақын Сәкен Сейфуллин бұрынғы жазғанына көңілі толмағандай, таныс тақырыптарға жаңа тұрғыдан қайта оралып, жаңа көркемдік жетістіктермен байытып отырған. Ақын үшін қасиетті тақырыптар – халық тағдыры. Өнеркәсіп пен колхозды ауыл тағдырын ақын «Жас қазақ марсельезасы», «Советстан», «Көкшетаудан» бастап, «Социалстан», «Альбатрос», «Қызыл атқа» дейін тереңдей жырлайды. Жырлаған сайын далада өтіп жатқан сан алуан құбылыстардың мән-маңызын айқындай түсіп, шындықтың толымды суретін жасауға ұмтылады.

Жауапты міндет шындықты дұрыс тану, шеберлік тәсілдерін ұштау, ең бастысы, жаңа өмірді бейнелеудегі батыл, әрі жаңашыл ізденістерді молайту болатын. Ол ізденістер алынған тақырыпты идеялық биіктен қамтығанда ғана нәтиже бермек еді. Ал, Сәкен Сейфуллин қалам сілтеген тақырыптардың ауқамы кең еді. Проза мен драматургияда, саяси мақала, сөздерінде, әрине, әсіресе, поэзияда ақын жұмысшы тақырыбын, жаңа құрылыстармен жаңғырған дала, колхоз тұрмысы, мектеп, оқу, пионерлер жайында, халықтар достығы, қысқасы, жаңа өзгерістің барлық саладағы жеңістері мен ілгері басқан өміршең қадамдарын шынайы, асқақ сезіммен жырлады [5].

Сәкен Сейфуллиннің батыр, әрекетшіл сипаттағы лирикалық қаһарманы революциямен бірге туып, бірге шыңдалған, жауына қатал:

Жауыздың тамырын қияйық!

Қулардың аранын тияйық!

Ақ ниет азамат ерлерді

Бір тудың астына жияйық!

Ақын кеңес елін экспреспен жүйткіген біртұтас алып қауым ретінде көріп, жеңіске зор үміт, сеніммен қарайды. «Советстан», «Социалстан», «Көкшетау» поэмалары мен көптеген өлеңдерінде Сәкен Сейфуллин жаңа өмірдің ырғақ, тынысын, өсу қарқынын жырлайды. Зауыт, фабрик, құрылыс, шахта жұмысшыларына арналған жырларында ақын жаңа қоғам жасаушы белсенді еңбеккер тұлғасын жасай отырып, кей сәтте үндеу, насихат стиліне тән белгілерді пайдаланады. Мұндай шығармалары көркемдік жағынан дәрежесі үнемі жооғары бола бермегенімен, сол уақыт үшін аса қажетті дүниелер болып табылады. Сәкен Сейфуллин таланты соны мазмұнға сай пішін тапқан өзекті туындылармен ғана емес, қазақ халқының өткен заманы, әр алуан аңыз, әңгімелеріне негізделген шығармаларынан да аңғарылады. Бұл ыңғайдағы өлеңдерінде лирикалық саз, әуезділік мол; төскейін кернеген таза ауа, тау мен теңіз самалы, бұлақ сылдыры, сайраған құс қиқуы құлаққа келіп, көңіл сарайына нұр төгеді. Туған жер табиғаттың сұлу суретін «Көкшетау» поэмасынан көреміз. Ақын көне қазақ жерінің жасарған көркін таниды, өзгерген өлкеде пионерлер әні естіледі, жаңа ұрпақ білім көзінен нәр іздесе, егісте тракторлар гүрілдеп, адам атаулы достық, ынтымақпен тізе қосқан, кең әлемді зауыт пен фабрик гудогы кернеген. Әрине, тек жаңғырған дала дидарын суреттеуге ұмтылу жаңашылдық болып табылмас еді. Бірақ Сәкен Сейфуллин поэзиясының бүкіл рухы мен ырғағына ішкі қуат, пафос, жаңа мазмұнды орнықтыру тән. Сәкен Сейфуллин әдебиеттің барлық жанрларында – шағын әңгіме, очерктерден үлкен прозаға дейін, саяси, азаматтық лирикаларынан көлемді поэмаларына дейін, драмалық шығармаларында қазақ әдебиетін идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан дамытуға баға жетпес үлес қосты. Сәкен Сейфуллин мұрасы ғасыр өткеннен кейін де баяғысындай жаңа, тың бола береді. Бүгінгі және келер ұрпақ ақын поэзиясынан сонау құрылыс жылдарының қарқын, екпінін сезінетін болды. Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиеті тарихында көлемді еңбектер әкелген, қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан адам ретінде танылған.

Ғылыми жетекшісі Абикенов М.Т. ф.ғ.к., аға оқытушы

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сейфуллин, С. (2011). *Толық шығармалар жинағы*. Астана. Фолиант, 321.
- 2 Кәкішев, Т. С. (2010). *Сейфуллин шығармашылық өмірбаяны*. Астана, Фолиант, 214.
- 3 Қаратаев, М. (1987). *Әдебиет және өнер*. Алматы, Ғылым, 427.
- 4 Нұрғали, Р. (1995). *Алаш арыстары*. Алматы, Мектеп, 148.
- 5 Marieiev, D., Miniailo, R., Martina, O., Tretyak, N., Moiseienko, N. (2024). Use of onomastic material in the educational space. *Amazonia Investiga*, 13(75), 67-79.